

Интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 01 желтоқсандағы N 325/12 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 26 желтоқсанда N 12-10-114 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы N 358/12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012.12.13 N 358/12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5), 5-6) тармақшасына сәйкес Май ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Май ауданында интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Май ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар жұмысқа орналастыруға көмек көрсетіп тұрсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Ш а й х ы м о в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Пішенбаев